

FTAXP: 16.80.19

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3160>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1471>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8265>

Калдыгозова С.Е.*, Абдугаппарова Р.М., Тургинбекова В.Б.

филология ф.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚ ПЕН САЯТШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Автор-корреспондент:** sandugash.kaldygozova@aeuzov.edu.kz

Түйін: Қазақ тіліндегі аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулары зерттелінді. Оның ішінде аңшылық пен саятшылықта қолданылатын құрал жабдық атаулары, қыран бүркіттің жасына байланысты атаулардың семантикалық ерекшеліктері талданды. Зерттеуде қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, этимологиялық сөздік, фразеологиялық сөздіктердегі атауларға талдау жасалынып, олардың тіліміздегі алатын орнына мән берілді. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар да өзге тілдік бірліктер сияқты талай ғасырды артқа салып, қазақ тілімен бірге жасап келеді. Олар қазақ тілінің сөздік қорынан ерекше орын алады. Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі ғылыми әдістемеге негізделген дәстүрлі лингвистикалық әдістер пайдаланылды. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атауларды талдаудың негізгі әдісі – сипаттама әдісі. Бұл әдіс аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың құрамын, олардың қалыптасу және даму жолдарын анықтауда қолданылды. Салыстырмалы әдіс арқылы жалпы түркі тілдеріндегі, қазақ тіліндегі, сондай-ақ басқа тілдерден енген аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар сипатталады.

Кілт сөздер: лингвистика, фразеология, этимология, лексика, фактор, зоонимика

МРНТИ:16.80.19

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3160>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1471>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8265>

Калдыгозова С.Е.*, Абдугаппарова Р.М., Тургинбекова В.Б.

к.филолог. н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова. Шымкент, Казахстан

старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистр, старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова. Шымкент, Казахстан

МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НАЗВАНИЙ, ОТНОСЯЩИХСЯ К ОХОТЕ И ИЗБЕ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

***Автор-корреспондент:** sandugash.kaldygozova@aeuzov.edu.kz

Аннотация: Изучены названия на казахском языке, относящиеся к охоте и хижинам. В том числе были проанализированы названия орудий, используемых в охоте и избях, семантические особенности названий, связанных с возрастом Орла. В исследовании был проведен анализ названий в толковом словаре казахского языка, этимологическом словаре, фразеологическом словаре, придавалось значение месту, которое они занимают в нашем языке. Названия, относящиеся к охоте и хижинам, как и другие языковые единицы, уже много веков назад, вместе с казахским. Они занимают особое место в лексиконе казахского языка. В статье использованы традиционные лингвистические методы, основанные на научной методологии современного казахского языка. Основным методом анализа названий, связанных с охотой и избями, является описательный метод. Этим методом был определен состав названий, связанных с

охотой и избами, пути их формирования и развития. Сравнительным методом описаны названия, связанные с охотой и шалашом, в тюркских языках, казахском и других языках.

Ключевые слова: лингвистика, фразеология, этимология, лексика, фактор, зоонимика

IRSTI: 16.80.19

<https://orcid.org/0000-0001-6162-3160>

<https://orcid.org/0000-0002-9246-1471>

<https://orcid.org/0000-0001-8935-8265>

Kaldykozova S.E.*, Abdugapparova R.M., Turginbekova V.B.

candidate of philological Sciences, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

master, senior lecturer, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

IDEOLOGICAL FEATURES OF NAMES RELATED TO HUNTING AND IZBA IN THE KAZAKH LANGUAGE

***Corresponding author:** sandugash.kaldygozova@aeuzov.edu.kz

Abstract: The names in the Kazakh language related to hunting and huts have been studied. Among other things, the names of the tools used in hunting and huts, the semantic features of the names associated with the age of the Eagle were analyzed. The study analyzed the names in the explanatory dictionary of the Kazakh language, etymological dictionary, phraseological dictionary, attached importance to the place they occupy in our language. Names related to hunting and huts, as well as other linguistic units, have been used for many centuries, along with Kazakh. They occupy a special place in the lexicon of the Kazakh language. The article used traditional linguistic methods based on the scientific methodology of the modern Kazakh language. The main method of analyzing names related to hunting and huts is the descriptive method. This method was used to determine the composition of names related to hunting and huts, the ways of their formation and development. Using the comparative method, the names related to hunting and hutting in Turkic languages, Kazakh, and other languages are described.

Key words: linguistics, phraseology, etymology, vocabulary, factor, zoonymy

Кіріспе

Қазақ тіліндегі аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік береді. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар ұлттық рухани мұраны өз бойына сақтап келеді. Осы атаулардың тілдік қабаттарын зерттеудің маңыздылығы өте зор. Әлемдік тіл білімі соңғы жылдарды ерекше қарқынмен дамып, жаңаша бағыт алып, тың өзгерістер мен жаңа ғылыми көзқарастар легін алып келді. Ұлт тіліндегі әрбір тілдік элементтердің табиғатын ұлт болмыс бітімімен, этнос тіршілігімен сабақтастыра қарастыру бүгінгі таңдағы ғалымдардың алға қойған мақсаттары болып отыр. Қазақ тіліндегі халықтың рухани-материалдық дүниесіне қатысты барлық факторларды тілдік нысан ретінде зерттеудің өзектілігі артып келеді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында аңшылық пен саятшылыққа қатысты атауларының тілдік таңба ретінде қалыптасу үрдісін зерттеуге, сипаттауға арналған. Жұмыста қазақ тіліндегі аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулары зерттелінді. Оның ішінде аңшылық пен саятшылықта қолданылатын құрал жабдық атаулары, қыран бүркіттің жасына байланысты атаулардың семантикалық ерекшеліктері талданды. Зерттеуде қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, этимологиялық сөздік, фразеологиялық сөздіктердегі атауларға талдау жасалынып, олардың тіліміздегі алатын орнына мән берілді. АС қатысты атаулар да өзге тілдік бірліктер сияқты талай ғасырды артқа салып, қазақ тілімен бірге жасап келеді. Олар қазақ тілінің сөздік қорынан ерекше орын алады. Қазақ тілінің сөздік қорына еніп, сөйлеу тілімізде, әсіресе, саятшылар мен аңшылар тілінде қолданысқа ие. АС қатысты атауларды зерттеу - қазақ тіл білімінің негізгі мәселесінің бірі болып табылады. Оларды жинастыру, зерттеу -

бүгінгі күннің талабы. АС қатысты атаулар әлемі де кең, олар адамның материалдық-рухани өмірімен тығыз байланысты болғандықтан маңызды рөл атқарады.

Зерттеу мақсаты: Қазақ тіліндегі аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің міндеті:

- Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар негізінде ұлттық рухани мұраны өз бойына сақтап келуін сипаттау;

- Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар ерекшеліктерін қарастыру;

Зерттеу әдістері: Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі ғылыми әдістемеге негізделген дәстүрлі лингвистикалық әдістер пайдаланылды. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атауларды талдаудың негізгі әдісі – сипаттама әдісі. Бұл әдіс аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың құрамын, олардың қалыптасу және даму жолдарын анықтауда қолданылды. Салыстырмалы әдіс арқылы жалпы түркі тілдеріндегі, қазақ тіліндегі, сондай-ақ басқа тілдерден енген аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар сипатталады. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы көптеген аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың шығу төркіні, алғашқы мағыналары анықталады. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атауларды жүйелі қатынасын көрсетуде құрылымдық әдіс пайдаланылды. Этимологиялық талдау барысында аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың уәжі анықталады. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың семантикалық құрылымы талдау әдісі арқылы зерттелінді.

Қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, Ж.Манкеева, Н. Уәлиев, Г. Смағұлова, Р. Шойбеков, А.Жылқыбаева т.б.

Жалпы тіл білімінде В. Гумбольдт, А.Вежбицкая, А.А. Потебня, В. Телия т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне, мақалаларына сүйендік.

Теориялық талдау

Зерттеудің теориялық мәні осы семасиологиялық, этимологиялық, талдаудың тұжырымдары негізінде лексикология саласын, толықтыра, кеңейте зерттей түсуге өзіндік үлесін қосады. Зерттеу жұмысындағы аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың сипаты мен саны, олардың лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері лексикологияның лингвистикалық сала ретіндегі маңызды теориялық жақтарын кеңейтуге өз үлесін қосады. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен тілдік фактілерді жоғары оқу орындарында қазақ тілінің лексико-фразеология, этнолингвистика, этимология, лингвомәдениеттану саласы бойынша оқылатын дәрістерде, арнаулы курстарда білім беруде пайдалануға болады. Сондай-ақ, лингвомәдениетке қатысты лексикографиялық сөздіктер жасауға септігін тигізеді. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атауларға байланысты жинақталған мысалдардың қазақ тілін өзге ұлт аудиториясында үйрету кезінде де көмегі тиетіні сөзсіз. Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- зерттеу барысында жинақталған аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар лексикалық қабаттарды құрайды және олардың мағыналық, тақырыптық топтары мен сөзжасамдық сипаты бар;

- халықпен бірге жасасып келе жатқан аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар тіліміздегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің жасалуына негіз болған;

- этимологиялық талдау кезінде аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың мағыналық реңкін анықтауға болады;

- аңшылық пен саятшылыққа қатысты тілдік бірліктер ұлттық мәдениет пен ұлттық дүниетаным туралы ақпарат береді;

- аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулар сөздік қорымыздың ертеден сақталып келе жатқан қабаты, халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін көрсететін құндылықтардың бірі.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары лингвомәдениеттану, когнитология мәселелері және әлемнің ұлттық тілдік бейнесі зерттеліне бастады. АС қатысты атаулар толық түрде жеке зерттеуге негіз бола қойған жоқ. Қазақ тілі лексикасындағы АС қатысты туған мол атауларға арнайы талдаулар жасалынбаған. АС қатысты атаулар өзге тілдік бірліктер сияқты этноспен ғасырлар бойы бірге жасап, халықтың сөздік қорынан ерекше орын алып келеді. Тілімізде олардағы халықтық, әдеби формаларының өзіне тән жасалу заңдылықтары қалыптасқан. атауларға лингвистикалық баға беру үрдісі олардың тарихи шығу кезеңдеріне, даму жолдарына, өзара байланыстарына жан-жақты зерттеу жүргізу ісін қажет етеді. Олардың тіл білімінің түрлі бағыттарында зерттеу нысаны ретінде алынуы тек қазақ тілінде, сонымен бірге жалпы түркі тілдеріндегі айта қаларлықтай маңызды мәселенің шешілуіне жол ашады[1, 25].

Нәтижелер мен талқылау

Адамзат алғаш әлемде пайда болған кезден-ақ өзін қоршаған ортаға үйлесе өмір сүруге талпынған. Күн көріс қарекетімен әуелден әртүрлі табиғаттағы жабайы жеміс-жидекті теріп жей келе, аң-құс аулауға машықтана бастады. Мұны дала мәдениетінде сақталып қалған көне жәдігерлер дәлелдеуде. Әсіресе тасқа қашалған аң-құс аулаудағы бейнелер соның айғағы іспетті. Аңшылық - адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды. Тарихи даму барысында табиғат ананың қорының, дәлірек айтсақ аң-құс фаунасының қатарының сиреуі, адамзат баласының санының күрт өсіп, экологиялық апаттың қылаң беруіне технократтық өркениеттің кең қанатжаюы аңшылықты тежеуге мәжбүрледі. Әрі діни фактордың күшеюі, адамдардың ақыл-парасатының арта түсуі, өркениетті қоғам элементтерінің дамуы табиғатқа деген қамқорлықты арттырды. Сондықтан аң-құстарды жөн-жосықсыз, шектен тыс аулауға, құртуға шек қойыла басталды. Әсіресе, адамдардың санасындағы мифтік түсініктері мен байырғы дүниетанымындағы табиғат ананы қастерлеу оның аң-құсын, әсіресе қазақтар Құдайдың малы, қоңыр аң деп қастерлеген бұғы, қарақұйрық, тауешкі, құлжа қатарлы аңдарды және киелі құстарды шектен тыс аулауға, жөн-жосықсыз қыруға жол берілмеді.

Француз королі Людовик IX-ның елшісі Гильом де Рубрук болса, 1252-1254 жж. қаңлы-қыпшақ жерін аралаған саяхат күнделігінде Оларда ителгі және сұңқар құстары өте көп. Олар құстарын оң қолдарына отырғызады және сұңқарлардың мойындарында құс кеудесінің ортасына дейін салбырап тұратын жіңішке қайыс тағады, – деп жазады [2, 54]. Поляк жазушысы А. Янушкевич Қарқаралы округіне жер аударылған кезінде қазақ халқының өмірін, дәстүрін және мәдениетін зерттеген. Жазушы қазақтың саятшылық дәстүрі туралы да қызықты мәліметтер береді. Оның Жолшыбай біз балапан бүркіт өлтірдік, оның өліміне қазақтар қатты қайғырды... деген хат жолдарынан қыран құстың қазақ үшін орны ерекше екендігін аңғарамыз [3, 52 б].

Ал, Жошы ханның айналасында үш мың қыран, Абылай хан 500 бүркіт, 300 қаршыға, сұңқар ұстағаны жайында деректер айтылса, бұл ғажап өнерді Абай, Шоқан, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Иманжүсіп, Сәдуақас Шормановтардың жалғастыруы заңды сабақтастық. Қазақ этнограф-ғалымдары арғымақтың, қыран бүркіттің, құмай тазының қадір-қасиетіне, болмысына жеке-жеке тоқталып, олардың саятшылықтағы ерекше орны туралы мол зерттеулер ұсынып келеді. Сонымен қазақтың құсбегілік, атбегілік, тазы күту дәстүрлері туралы жазылған мәліметтер өте көп. Атап айтқанда саятшылық туралы жазған қазақ ғалымдары мыналар: С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ж. Бабалықұлы, А. Тұрдыбаев, Б. Кәмәлашұлы, А.Тоқтабай, Халифа Алтай, С. Қасиманов, О. Оралбаев, А. Сейдімбеков, Н. Қазыбеков, Ә. Нүркеев, Ә. Доспамбетов, Ғ. Нұрпейісов, Н. Қазыбеков, Б. Мүптекеқызы, Б. Хинаят, т.б.

Әйгілі академик Әлкей Марғұлан: Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткішінің ішінде кейінгі кезде назарға көп аса ілінбей жүрген біреуі бар дегім келеді.

Ол - саятшылық өнер. Оның тарихи ескерткіш екеніне ешқандай күмән жоқ, – дей келіп, осынау мол мұраны сақтап қалудың қажеттілігін көп айтқан. Сонымен қатар ғалым Саят құстары деген ғылыми еңбек жазып, онда саят құстардың жаратылыстағы ерекшеліктері, саят құстардың түрлері, саят құстарын ұстау әдістері және оларды баулып аңға қосу жайлары, саят құстарын түлету, жемдеп баптау, күтімі, тәрбиелеу ісі, құстардың түлек жастары, саят құстарына керек саймандар, саятшылық өнері – мәдени істің бірі сияқты мәселелерге кеңінен тоқталады.

Академик Ә. Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» - атты еңбегінде тілімізде қолданылатын фразеологиялық тіркестердің туу уәжіне, қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасаған. Мысалы, жерден жеті қоян тапқандай, жер соғып қалу, қанжығада көрісу, қанжығаң қан болсын, қан сонар, сауға сұрау, ұлардай шулау, ұя бұзар, шідер үзер, шілдің боғындай бытырау, ініне су құю, құралайды көзге атқан т.б. «Фразеологизм (досл. залить нору водой) образован на основе выражения, возникшего в лексиконе охотников за мелкими полевыми зверьками: сусликов, тушканчиков и др.; они ловили их, загоняя в норки, заливая водой, суслики не могут долго удержаться, намокшие, они быстро вылезают в руки охотника» [3,70]. Академик Ә. Қайдардың «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» атты еңбегінде 2 мыңнан астам мақал-мәтелдердің табиғаты зерттелінген. Мысалы, ... Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсең (аларсың) деген халық педагогикасының өзекті мәселесі – жасөспірімдер тәрбиесінің концепсиясына айналып отырған мақалдан айқын көре аламыз. Бұл мақал о баста аңшылар лексиконында бүркіт балапанының қара қанат болғанға дейін табиғи тәрбиесіне байланысты қалыптасса, дами келе, "отбасында қандай тәлім-тәрбие алсаң, өскенде соны істейсің" деген ауыспалы мағынаға айналып, адамға қатысты қолданылып келе жатқаны белгілі деп тұжырым жасаған [4, 85-86] Совет Зәуре Қобыланды батыр жырының лексикасы (тарихи - этнолингвистикалық зерттеу) атты диссертациясының Аң-құс атауларына байланысты теңеулер тараушасында халқымыздың күнкөріс кәсібі құсбегілікпен байланысты туған теңеулерге талдау жасағай келе, Жырдағы кейбір теңеулер кейбір кейіпкерлердің іс-әрекетінен әртүрлі құсқа, соның ішінде алғыр, ұшқыр құстарға теңеп айту арқылы көрініс табады. Мысалы: қабағы тастай түйіліп, ақ сұңқар құстай шүйіліп. Халқымыз ел қорғаған батыр ұлдарының әрекеті, қырағылық өнері, тіпті жортуылдағы табысының өзіне ерекше мән беріп, кереметтей асыл сөзбен теңей білген.

Осымен байланысты аң, құсқа теңеудің де жырдағы кейіпкер бейнесін ашуда орны ерекше. Мысалы, жырдағы теңеудің негізгі қызметінің бірі батырдың жауға аттанғандағы қимыл-әрекетін бейнелеп көрсету болып табылады. Бұл ойымызға дәлелді қойға тиген қасқырдай, арыстанға ұқсады, түлкідей көзі жайнады, аш күзендей бүгілді, ақ бөкендей жосылды т.б. теңеулерден табамыз [5,18-19]. Айтмұқашева А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика тақырыбында жазған диссертациясында Саятшылық пен аңшылыққа қатысты лексика тараушасында Бала бүркіт, томаға, салбурын, қанжыға, мылтық, сонар, тұғыр, жер соқтыру, мұзға отырғызу сияқты кәсіби сөздердің этимологиясына, қолдану ерекшелігіне талдау жасалған. Фразеологизмнің қалыптасуына негіз болған аңшылық өнер екеніне дәлелді пікірлер берген [6, 58]. Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері атты ғылыми жұмысының Аңшылық пен саятшылық өнеріне қатысты фразеологизмдер тараушасында томаға тұйық, қан сонар, мұзға отырғызу, жер соқтыру т.б. тұрақты тіркестердің қалыптасу мотиві қазақ халқының аңшылық дәстүріне байланысты екенін көрсетеді. Тілімізде аңшылық дәстүрге байланысты қалыптасқан түлкі мінез, қоян жүрек, арыстандай құтыру, аюдай ақыру, аш күзендей бүгілу, ақ иық болу, ақ жем, түлкі бұлаң, ақ бөкеннің таңындай, жібек баулы қырандай сияқты тұрақты тіркестердің ерекше орын алуы – олардың халық өмірінің тарихи айнасы екенінің тағы бір дәлелі [7, 72].

Орыс тіл білімінде аңшылық лексикаға байланысты бірнеше диссертациялар қорғалған, атап айтсақ, Аркушин Г.Л. Охотничья лексика западно-полесских говоров,

Герасимова Д.В. Лексика, связанная с охотничьим и рыбным промыслом, в мансийском языке, Боргояков В.А. Лексика охоты и рыболовства в диалектах хакасского языка [8, 40]. Жұмыстың Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың семантикалық топтары атты екінші бөлімінде аңшылық пен саятшылықта қолданылатын құрал жабдық атаулары, амал-айлаларды білдіретін сөз тіркестерінің тілдік ерекшеліктері, саят құстарының атаулары мен тілдік ерекшеліктері, аңшылық пен саятшылыққа қатысты тұрақты тіркестер туралы сөз етіледі.

Аңшылық пен саятшылықта қолданылатын құрал-жабдық атаулары Жеті қазынаға байланысты ұғым-түсініктер қазақ ауыз әдебиетінде де, халқымыздың рухани-мәдени өмірінде де әр түрлі нұсқада кездеседі. Мысалы:

Жүйрік ат – адамның қанаты,
Қыран бүркіт – жігіттің қуаты,
Құмай тазы – берік сенімі,
Берен мылтық – қаһарлы от,
Өткір кездік – сұсы,
Ау-жылым - әдіс-айласы,
Қандауыз қақпан – серті.

Осында сөз етіліп отырған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, өткір кездік, ау-жылым, қандауыз қақпан кең дала төсінде аңшылық пен саятшылық (АС) құрған халқымыздың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан тұрмыстық құралдардың атаулары. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорынан АС қолданылатын құрал атауларының сан жағынан мол екенін аңғаруға болады. Көшпелі тіршілікпен өмір сүрген халқымыздың АС дәстүрі күнкөрістің өзекті бір саласы, кейін әскери жаттығудың, шынығудың үлгісі болған. Өркениетке қол жеткізген бүгінгі таңда, дала төсінде ата-бабамыз сара жолын салып кеткен АС дәстүрі күні бүгінге дейін ұмыт болған жоқ. АС қатысты құрал-жабдық атаулары (60-қа жуық) күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатыны, бірақ кейбір атаулар мен тілдік бірліктер (биялай, кездік, садақ т.б.) тіліміздің пассив қабатына өткені байқалады. АС қолданылатын құрал-жабдықтарды жасалу ерекшелігіне, қолдану аясына қарай төрт топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

1. Ұрып-соғу, ату құралдары: мылтық, садақ, шоқпар, сойыл, қамшы, қанжар, атқы, сақпан, айбалта, қатыр, саржа, семсер, сембе, таяқ, сүңгі т.б.
2. Жүннен, матадан, қылдан жасалатындар: арқан, арқамшы, тор, ау, сүзу жіп, шыжым, құсбау, бау (балақ бау, аяқ бау, шыжым бау, ірге баужелі бау) т.б.
3. Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатындар: дабыл, сақпан, шың, дауылпаз, дудыға, қоңырау т.б.
4. Арнайы жасалатын құрал-жабдықтар: қақпан, түтік, бүркіт құндақ, биялай, тұзақ, бүркіт балдаққолдық, аяққап, ырғақ, жезтұяқмыстұяқ, жем қалта, жемсауыт, тұғырқұсағаш, томаға, құсқода, шырға, шөңгек, қанжыға, қыранүйіталүйшікқұсхана, иыққап, таңдай ағаш т.б.

Аңдарға құратын тұзақтың, аудың атауы М. Қашқари сөздігінде кездеседі. Бұл грамматикалық еңбек қана емес, сол замандағы түркі халқының тұрмыс- тіршілігінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен мағлұмат беретін бай жазба ескерткіш. Мысалы АС құстарды баптау, итпен аң ұстау, тұзақ құруға байланысты тілдік материалдар бар: ҮШЛҮШ: қоян тұзағы. Ұштары бір темірге бекітілген үш тал шыбықтан жасалады (1 том. 125 б.). СЫҒЫР: хандардың көп адаммен бірігіп құратын бір түрлі ауы. Ханның адамдары орман мен қырларға таралып, жабайы аңдарды хан тұрған жаққа қуады. Хан алдына келген аңдарды еш қиналмастан аулай береді (1 том. 420 б.). ҚЫСМАҚ: ілмекті жіп, қыспақ; тұзақ шалма (1 том. 534-б.). ЖАРҒАҚ ИАҒҒАҚ: құс аулайтын тұзақтың бір түрі (3 том. 60-б.). САШРАТТЫ: шашыратты. Тұзақтың бір түрі *sashratu*: шашыратқы – шашыратқы. Ол тұзақ мынадай болады: Екі айыр бұтақтың арасына тұзақтан жіп байлайды. Оны топыраққа көміп, үстіне дән шашып тастайды. Жем жеуге келген құс

тұзаққа не аяғымен, не мойнымен ілініп қалады. Мақалда былай деп айтылған: Сашыратқыдан қорыққан құс қырық жыл ағаш үстіне қонбас (2 том. 475-476-б.) Саятшылар қыран құстардың ішін тазалау үшін, аузына су құю үшін не сұйық құюда түтікті пайдаланады. ТҮТІК 1. Зат. Іші қуыс, сырты жұмыр, жіңішке зат. 2. ет. Қап-қара болып өңі қашу, түсі бұзылу. (ҚТТС 9 том, А.,86. -560. 352б.)

Қорытынды

Құсбегілікті ең қажетті құрал болғандықтан оны өзімен бірге алып жүреді. Түтіктің ортасы қуыс, екі ұшы ашық етіп жасалады. Түтікті тырна, қарақұс, көкқұтан, малдың, қоянның жіліктерінен, асықты жіліктен қамыстан, қурайдан, дайындайды, кейде металдан да құйып дайындайтын болған. Орта ғасырда жазылған М. Қашқари еңбегінде түтікке байланысты мынандай дерек бар. ТҮБЕК: түбік. Талдың, сол секілді ағаштардың қабығын жармай діңінен суырып алады да түтік жасалады. Балалар сол түтікшеге жұмыр бұршақ, тас, қатты жұмыр нәрселер салып, торғай атып ойнайды. Құс ататын мылтық тәрізді үрлеп атылады. Ол ағаштың ішін қуыстап ойып та жасалады. (1том 446-б.) Түтік сөзінің түбірі – тү. Оны түбірлес сөздермен салыстыру арқылы байқауға болады. Түтіктү+тік, түкіртү+кір, түшкіртүш+кір. Түтікті үрлегенде, түшкіргенде не түкіргенде дыбыс шығатыны белгілі. Түшкіру - түкіру - түтік дыбыстық еліктеуіштен пайда болған сөздерге ұқсайды. Ұлттық мәдениеттің, тарихи дәуірдің куәгері, халықпен бірге жасап келе жатқан АС қолданылатын құрал-жабдық түрлерінің пайда болуы, оған әр қоғамның ықпалы, олардың жасалу тарихы мен тұтыну ерекшеліктеріне тарихи-лексикологиялық, этимологиялық талдау жасау арқылы анықталды.

АС қолданылатын құрал-жабдықтардың дүниеге келуі, материалдың негізі мен аталу уәждері, жасалуы қазақ топырағына тән идеялармен жүзеге асқан. Құрал-жабдық атаулары бүгінде қазақтың көне де байырғы, құнарлы да күрделі лексикалық қордан орын алып отыр, бұл атаулардың мән-мағынасына үңілсек, халықтың ақыл-ойын, психологиясын, дүниетанымын аңғарамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. Москва. 1985. 400 с.
2. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (Семантикалық аспект). Алматы. Қазақ университеті, 1999. 310 б.
3. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы. Арыс, 1997. 272 б.
4. Путешествие в Восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука //ред., вступит. статья и примеч. Н.П.Шастиной. Москва. Географгиз, 1657. 270 с.
5. Аркушин, Г.Л. Охотничья лексика западно-полесских говоров. Автореф. дис. ...канд. филол.наук / Ужгор.гос.ун-т. Ужгород, 1986. 220 с.
6. Герасимова, Д.В. Лексика, связанная с охотничьим и рыбным промыслом, в мансийском языке. Автореф. дис. ...канд.филол.наук / Ленингр.отд-ние Ин-та языкознания АН СССР. Ленинград, 1988. 16с.
7. Боргояков В.А. Лексика охоты и рыболовства в диалектах хакасского языка Автореф. дис. ... канд. наук; Филологические науки: 10.02.02 / РАН. Ин-т языкознания. Москва. 2001. 122с.
8. Кәмәләшұлы Б. Қазақтың дәстүрлі құсбегілігі және атбегілігі. Алматы. Өнер. 2006. 120 б.

Referens list:

1. Gumbol'dt V. O razlichii stroyeniya chelovecheskikh yazykov i yego vliyaniya na dukhovnoye razvitiye chelovechestva // Izbrannyye trudy po znaniyu yazykov. Moskva, 1985. 400 s.
2. Salkinbay A. Tarihi sozzhasam (Semantikalik aspekt). Almati. Kazakh universiteti,

1999. 310 b.

3. Mankeeva Zh.A. Madeni leksikanin ulttik sipati. Almati. Aris, 1997. 272 b.
4. Puteshestviye v strany Vostoka Plano Karpini i Giyoma de Rubruka /pod red., vvedeniye. stat'ya i snoska. N. P. Shastinoy. Moskva. Geografiz, 1657. 270 s.
5. Arkushin G.L. Okhotnich'ya leksika zapadno-pol'skikh dialektov. Avtoref. dis. ... sakhar. Filologiya / Uzhgorskiy gosudarstvennyy universitet. Uzhgorod, 1986. 220 s.
6. Gerasimova, D.V. Leksika, svyazannaya s okhotoy i rybalkoy v mansiyskom yazyke. Avtoref. dis. ...kand.filol.nauk/Leningr.otd-niye In-ta yazykznaniya AN SSSR. - Leningrad, 1988. 16s.
7. Borgoyakov V.A. Leksika okhoty i rybalki v govorakh khakasskogo yazyka Avtorskh. dis. ... sakhar. Nauka Filologicheskoye nauki: 10.02.02/RAN. Institut lingvistiki. Moskva, 2001.122s.
8. Kamalashuli B. Kazakhtin dasturli kusbegiligi jane atbegiligi. Almati. Oner. 2006. 120 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Калдыгозова Сандугаш Еркінбековна** - филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан.
sandugash.kaldygozova@auuezov.edu.kz